

ӘОЖ 2(5)

Қ. Құрманбаев

Нұр-Мұбарак ислам мәдениеті университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

E-mail: kairatk76@mail.ru

Хусамуддин әс-Сығанақи еңбектеріндегі «насих» теориясы

Діннің негізі енді қаланып жатқан орта мен діни танымы кемелденген қоғамға дінді жеткізу жолдары мен шариғат заңдылықтарын бекіту тәсілдері бірдей болмайтыны белгілі. Жаратушының асқан даналығы мен ілімі барлық нәрсені қамтығандықтан, адамзат пайдасы үшін, кейін келген шариғат үкімімен алғашқыда бекітілген кейбір шариғат үкімі мансұқталуы мүмкін. Бұл құбылыс ислам ғылымдарында «насих» және «мансұх» терминдерімен танылады.

Осы мақалада қазақ даласынан шыққан ортағасырлық танымал теолог, құқықтанушы әрі лингвист Хусамуддин әс-Сығанақи еңбектеріндегі «насих» теориясы және жалпы діни мәтіндердегі қоғам мен уақыттың өзгеруіне байланысты құқықтық үкімдердің мансұқталу мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: Хусамуддин әс-Сығанақи, ислам, насих, мансұқ, құқық, діни мәтін.

K. Kurmanbayev

The theory of «nasikh» in the writings of Husamuddin al-Siganak

Everyone is familiar with the fact that for a society in which a particular religion only began to emerge and for the society in which religious views reached its heights, presentation to the path of religion and ways to strengthen Sharia law will not be the same. Excellent wisdom and absolute knowledge of the Creator encompassing all things, in cases of necessity some sharia rules might be changed from previous sharia norms to benefit mankind. This phenomenon is known in the Shari'ah on the terms «Nasikh» and «mansukh». This article discusses the theory of «Nasikh» in the writings of the famous medieval theologian, a lawyer and linguist of Kazakh steppes Husamuddin al-Siganak and issues of Nasikh legal norms in religious texts on the transformation of society and time.

Key words: Husamuddin as-Sygnaki, islam, nasikh, mansukh, law, religious text.

К. Курманбаев

Теория «насих» в трудах Хусамуддина ас-Сығанақи

Восприятие религии и способы укрепления шариатских законов в обществах с различными уровнем развития религиозного мировоззрения будет различным. Известен тот факт, что определенные шариатские нормы могут изменить силу действия предыдущих шариатских норм, благодаря исключительной мудрости и абсолютным знаниям Всевышнего, которые охватывают все сущее. Данное явление в шариате известно по терминами «насих» и «мансукх».

В настоящей статье рассматривается теория «насиха» в трудах известного средневекового теолога, правоведа и лингвиста казахских степей Хусамуддина ас-Сығанақи и вопрос насиха правовых норм в религиозных текстах.

Ключевые слова: Хусамуддин ас-Сығанақи, ислам, насих, мансукх, юриспруденция, религиозный текст.

Мәдени-рухани саланың өркендеуі мен дамуы ел тәуелсіздігі нығаюының басты кепілі болып табылады. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының бастамасымен қолға алынып жатқан бастамалар мен бағдарламалар әлемдік бәсекелестіктің талаптарына сай, қоғамымыздың жан-жақты жетілуін

көздейтіні сөзсіз. Елімізде жүзеге асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жүргізілген ғылыми ізденістер еліміздің рухани саласының өрлеуіне үлкен септігін тигізді. Нәтижесінде, кейінгі жылдары, орта ғасырдағы қазақ ғұламаларының бүгінгі күнімізге дейін

жеткен құнды қолжазбалары зерттеліп, арнайы ғылыми еңбектер жазыла бастады. Соның ішінде араб ғалымдарының да қызығушылығын тудырып, ғылыми зерттеулеріне себеп болған Сығанаки бабамыздың мұрасын ерекше айта кеткеніміз жөн. Қазақ хандығының алғашқы астанасы Сығанақ қаласынан шыққан Хусамуддин әс-Сығанаки – XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың басында, мұсылмандардың тағдыры таразыға түскен аумалы-төкпелі бір кезеңде ислам теологиясы мен құқығы және араб лингвистикасы салаларында құнды еңбектерімен танылып, келер ұрпаққа мол рухани мұра қалдырды. Оның ислам құқығы негіздері саласындағы «әл-Уафи» және «әл-Кафи» атты көлемді еңбектері бүгінгімізге дейін жетіп, араб ғалымдары тарапынан өңделіп жарыққа шықты. Исламдағы құқықтық ханафи мектебінің белді ғалымы ретінде танылған әс-Сығанаки, аталған осы еңбектерінде фикһ ілімінің құқықтық, лингвистикалық негіздеріне түсіндірме жасаған әрі діни мәтіндердің мансұқталу мәселесіне де тоқталған.

Насых түсінігі мен түрлері

Аллаһ тағала тарапынан бекітілген шариғаттардың асыл мақсаттарының бірі – адамзаттың Жаратушысымен байланысын және адамдардың өзара қарым-қатынастарын реттеу. Бір Аллаһқа сенім – барлық пайғамбар бір ауыздан шақырған, заман мен қоғамның ауысуымен өзгермейтін негіз. Ал құлшылық пен адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас нормалары әр кезеңде, шариғат пен қоғамның талаптарына сай өзгеріп отырды. Мұсылмандардың діни таным деңгейі мен қоғамның даму барысын ескерген бұндай өзгерістер, кейбір діни мәтіндердің мансұқталуымен немесе жаңа бір үкімнің бекітілуімен көрініс тапты. Мұсылман экзегетиктері мен құқықтанушылары алғашқыда бекітілген шариғат үкімінің, кейін келген шариғат үкімімен жойылу құбылысын «насых» және «мансұх» терминдерімен танытты. Енді осы сөздердің мән-мағыналарына тоқталып өтейік. Араб тіліндегі *насых* (خَسَنَ لَ) сөзінен туындаған *насых* (خَسَنَ لَ) сөзі, тілдік тұрғыда – «жоюушы», «көшіруші» деген мағыналарда қолданылса, *мансұх* (خَوَسَنَ لَ) сөзі – «жойылған», «көшірілген» деген мағыналарды береді.

Хусамуддин Әс-Сығанаки, Ахсекасидің еңбегіне жазған «әл-Уафи» атты түсіндірмесінде: «Насых – тілдік тұрғыда, «Біз, бір аяттың орны-

на басқа аятты ауыстырған кезде, Аллаһ нені түсіргенін жақсы біледі» [1, 16-101], – деген аятта келгені секілді, «насых» сөзі – ауысу, өзгеру мағынасында келеді. Яғни, бұл – бір нарсенің орнына басқа бір нарсенің келуін білдіреді. Мысалы: «Күн көлеңкені насых қылды», – делінсе, бұл – көлеңкенің орнын бірте-бірте күн сәулесі ауыстырды дегенді білдіреді», – деген [2, 3/1207].

Ал, терминдік мағынада, «насых» дегеніміз – шариғат үкімінің кейін келген екінші бір шариғат үкімімен жойылуы. Алғашқы келіп, кейін үкімі жойылған мәтін – *мансұх* деп аталса, кейін келіп, алдыңғы үкімді жойған мәтін – *насых* деп аталады. Түпнұсқада, яғни Ахсекасидің сөзінде: «Аллаһтың алдында мәлім болған абсолюттік үкім мерізімінің шариғат бекітуші тарапынан баяндалу тәсілі, үкім сырт көзге жалғасын тапқанымен, біздің түсінігімізде ауыстырылған, ал шариғат бекітуші тарапында, бұл, баяндау болып табылады», – деп келеді. [2, 3/1205 б]. Осы секілді имам әл-Баздауи де: «Шариғат қоюшы тарапынан Аллаһқа мәлім болған абсолюттік үкімнің уақытын ғана баяндау», – деп түсіндірген. [3, 3/234]. Сондықтан, Құран экзегетикасында аяттардың насых қылынуын – аяттардың бірінбірі түсіндіру тәсіліне жатқызуға болады.

Имам әл-Ахсекаси насыхты түсіндіру барысында өлімді мысал ретінде келтірген. Яғни, насых – ажалды баяндаған өлім іспеттес. Аллаһ тағала өлім келмей тұрып та ажалдың қашан келетіндігін білді.

Әл-Баздауи «насых» дегеніміз тәбдил (ауыстыру) десе [4, 1492], Әс-Сығанаки *тәбдил* мен *насых* сөздерінің айырмашылығын: «Тәбдил – алғашқы үкімнің басқа бір үкіммен ауыстырылуы, ал насых жалпылама келеді, яғни алғашқы үкімнің басқа бір үкіммен ауыстырылуы немесе оның жойылуы да мүмкін. Осы орайда насых екі түрлі болады.

Бірінші: Үкімнің біржолата жойылуы, яғни бұл – басқа үкіммен ауыстырылмай, насых қылынуы. Мысалы, ішімдіктің тыйым салынуы секілді. Ішімдікке қатысты келген алғашқы аяттардың үкімі орнына басқа бір үкім келмей, соңғы келген аятпен үкімі жойылған.

Екінші: Басқа бір үкім келу арқылы алғашқы мәтін үкімінің жойылуы. Мысалы, құбыланың бәйту әл-мақдистен Қағбаға өзгертілуі, жақындарға өсиет етудің мираспен ауыстырылуы секілді», – деп баяндаған. [2, 3/1205-1206]. Өз кезегінде насыхтың бұл түрі келесідей бөлінеді:

а) Алғашқы үкімнің өзі секілді екінші бір үкіммен өзгертілуі. Оған жоғарыда келген мысалдарды айтуға болады.

ә) Алғашқы үкімнің өзінен жеңіл бір үкіммен ауыстырылуы немесе насых қылынуы. Мысалы, әйел адамның бір жыл күту мерізімінің (иддә) төрт ай он күнмен ауыстырылуы.

б) Белгілі бір үкімнің өзінен ауыр екінші бір үкіммен мансұқталуы. Көпшілік ғалымдар насыхтың бұл түрінің де орын алатындығына келіскен. Мысалы, мүшіріктермен жақсы қарым-қатынастың «қылыш» аятымен, зинақорды үйге қамаудың дүре және тасборан жасау секілді үкімдермен мансұқталуы [5, 2|221-223].

Әсілінде насых шариятта осылайша танылғанымен, тарихта оны кейбір сахабалар мен кейін келген жекелеген ғалымдар басқа мағыналарда қолданған. Мысалы, Ибн Масғуд (р.а.) муташабиһ, яғни бірнеше ықтимал мағыналары бар, түсінігі қиын келген аяттарға – мансұх, мухкам, ал, мағынасы анық, айқын аяттарға – насих сөзін қолданған. Бұл көзқарасты Айша (р.а.) мен Абдуллаһ ибн Зубейр (р.а.) де ұстанған. Құранның тәржіманы деп танылған Ибн Аббастың та (р.а.) мухкам және муташабиһ аяттарды насых дегені секілді, кейбір деректерде истиснаны (кейбір аят үкімдерінің «иллә» секілді әріптермен жойылуы) да насых деп түсіндірілген. Яғни кейбір сахабалар мен алғашқы кездегі ғалымдар насыхты бір аяттың басқа бір аятпен мансұқталуы не үкімінің жойылуы деп түсінбеген. Олар бір аяттың өзінен бұрын келген аятты түсіндіру жолы, яки Құранның Құранды тәпсірлеу тәсілі болған истисна, тахсис (жалпылама келген мәтіндерді жалқылау), мухкам аяттарды насых деп білген. Кейбір сахабалар мен табиғиндердің «насых» сөзін кейін келген ғалымдардың қолданысынан басқа мағынада қолданғандығын имам әш-Шатиби «Муафақат» атты кітабында баяндаған [6, 1|85-86].

Осындай қарама-қайшылық насых теориясының туындауына түрткі болса, «насых» терминінің алғашқы кезде жалпылама мағынада қолданылуы кейбір ғалымдардың мансұх аяттардың санын шамадан тыс арттырып, бес жүзге дейін жеткізуіне себеп болды.

Бұл тақырыпта сахабалардың бір ауыздан келіспеуі олардың осы тақырыпқа қатысты пайғамбардан нақты дерек естімегендігін аңғартады.

Имам әз-Заркаши Құран Кәрімнің Ләуху әл-Махфуздан нәзіл болуын насых деп түсіндірсе [7,

348], Ибн Хазым «истиснаның» насых екендігін алға тартқан [8, 4|67]. Демек, алғашқы кезде насых тақырыбында ғалымдардың көзқарастары бір жерден шыға бермеген.

Құран Кәрімде «насых» сөзі төрт аятта келеді. Олар: «Бақара» сүресі, 106, «Ағраф» сүресі, 154, «Хажж» сүресі, 52 және «Жасия» сүресі, 29-аяттар. «Нахыл» сүресінің 101-аятында «насых» сөзі келмесе де ол, насых тақырыбына қатысты келген аят деп қабылданған. Бірақ Құран Кәрімнің ешбір жерінде «мына аяттың не аяттардың үкімі жойылды» деген сөздер жоқ.

Насыхты білудің маңыздылығы және діни мәтіндерде орын алу аясы

Ислам құқығы, фикһ негіздері мен тәпсір ғалымдарына насих және мансұх аяттарды анықтап, ажырата білу өте маңызды. Құран немесе сүннет мәтіндерін дұрыс түсініп, олардан шарифи үкімдерді шығару барысында үкімі жойылған немесе белгілі бір үкімді мансұқтаған мәтінді білудің маңыздылығын баяндаған көптеген деректер бар. Мысалы: Алиден (р.а.) жеткен деректе, бірде ол бір қазының жанынан өтіп бара жатып, одан: «Насих пен мансұхты білесің бе?»,- деп сұрайды. Ол: «Жоқ», – деп жауап береді. Сонда Али (р.а.): «Құрыдың және өзгені де құрттын», – деген. Ибн Аббас (р.а.): «*Кімге (хикмет) білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады*», – деген аяттағы білімді «Құрандағы насих және мансұх, мухкам және муташабиһ, бұрын және кейін келген, харам және халал», – деп түсіндірген.

Құран Кәрімде насих және мансұх аяттар Аллаһ Тағаланың әмірі мен тыйымдарында орын алады. Ал иман, әдеп, көркем мінез-құлық құндылықтары қамтылған аяттарда олардың үкімі жүрмейді. Бұл тұрғыда әс-Сығанақи өзінің еңбегінде: «Насых орын алатын не орын алмайтын мәтіндерді келесідей қарастырамыз:

- Жоқ болуы мүмкін емес болған Аллаһ тағаланың заты мен сипаттарына қатысты;

- Бар болуы мүмкін емес болған Жаратқанның ұқсасы мен теңінде;

- Бар әрі жоқ болуы да мүмкін болған мәңгілікті білдіретін немесе белгілі бір уақытпен шектелген мәтіндерде насыхтың орын алуы мүмкін емес болса,

– Бар әрі жоқ болуы да мүмкін болған, бірақ аталған себептер болмаған жағдайда насых орын алуы ықтимал», – деп келтірген [2, 3|1210]. Ал, тегінде бар болуы да, жоқ болуы да мүмкін

болып, бірақ мансұқталуы мүмкін болмаған шариғи үкімдерді келесідей баяндауға болады:

а) Шексіздігі мәтінмен нақты бекітілген; Оған Құран Кәрімнің: «*Олар онда мәңгі қалады*» [1, 4-57], «...*қияметке дейін қарсы болғандарға үстем қыламын*» [1, 3-55], – деген секілді аяттарын мысал етуге болады.

ә) Шексіздігі мазмұнынан ұғынылған; Мысалы: Мұхаммедтің (с.а.с.) ақырғы пайғамбар екендігі, насихтың пайғамбар тілінде ғана орын алуы секілді жайттар – ислам шариғатының жалғасатындығын, мансұқталуы мүмкін емес екендігін ұғындырады.

б) Уақытпен шектелген үкімдер [4, 1502]. Нақты уақыты белгіленіп, сол уақыт өтпей насихтың орын алуы мүмкін емес. Мысалы, Бір кісі: «Мына істі саған жүз жылға дейін жасауыңа рұқсат етемін», – деп, белгіленген уақыт өтпей сол істен тыятын болса, бұл оның қателесуін білдіреді [9, 2|60]. Бұған да «...*қияметке дейін қарсы болғандарға үстем қыламын*» аятын дәлел қылуға болады.

Насихтың шарттары мен анықталу жолдары:

Хусамуддин әс-Сығанаки «әл-Уафи» және «әл-Кафи» атты түсіндірме еңбектерінде, Ах-секаси мен әл-Баздауидің тұжырымдарын баяндай келе, насихтың теория жүзінде де орын алатындығын, яғни, қандай да бір үкімнің практикада құқықтық күшіне енбеген жағдайда да мансұқталу мүмкіндігін шарт деп білген. Әс-Сығанаки осы мәселені түсіндіру мақсатында әс-Самарқандидің «әл-Мизан» атты кітабынан мына мысалдарды келтірген: «Мысалы, Аллаһ тағала рамазан айында «Осы жылы қажылыққа барыңдар», – деп бұйырып, осы айдың аяғында қажылық жасау міндетті болмай тұрып барудан тыйғаны және Ибраһим пайғамбардың оқиғасындағы секілді, ұлын құрбандыққа шалуды бұйырып, үкімі сенімде орнығып, бірақ практикада орын алмай тұрып бұл істен тыйғаны секілді» [2, 1213]. Сол секілді әс-Сығанакидың осы тақырыпқа қатысты тұжырымдарынан насихтың келесі шарттарын айқындауға болады:

а) Күші жойылған (мансұх) үкім шариғат үкімі болуы керек. Әрі бұл күші жойылмайтын үкім болмауы керек. Мысалы: Сенім негіздеріне қатысты және дін жолында күресу, ата-анаға құрмет секілді мазмұндағы мәтіндердің үкімі жойылуы мүмкін емес.

ә) Күшін жоюшы (насих) үкім күші жойылған

(мансұх) үкімнен бөлек шариғат үкімі болып, әрі екі үкімнің арасында белгілі бір уақыт болуы тиіс.

б) Екі мәтін арасында насихты қажет ететіндей мағына қайшылығы болуы керек.

в) Күші жойылатын (мансұх) үкім белгілі бір уақытпен шектелмеуі керек. Егер үкім белгілі бір мерізіммен шектелетін болса, насих болып есептелмейді. Мысалы: «*Аллаһ бір әмірін келтіргенге дейін, оларды кешіріңдер, елемендер*» аяты, «*Аллаһтан бұйрық келгенге дейін*» деп, белгілі бір уақытпен шектегендіктен мансұх емес.

Насих қарама-қайшы мағыналарын біріктіру не жорамалдау мүмкін болмаған екі мәтінде орын алады. Шариғат бекітушінің сөздерінде кереғарлық болмау үшін бірі насих, екіншісі мансұх болады. Ал қайсысы насих, қайсысы мансұх екендігі екі мәтіннің кейін келгенін білдіретін нақты дәлелдерге жүгіну арқылы айқындалады. Осылайша бұрын келгені мансұх, ал одан кейін келген мәтін насих болып есептеледі. Бұны келесі жолдар арқылы түсінеміз:

1. Екі мәтіннің бірінде, бірі екіншісінен кейін келгендігін білдіретін дәлелдің болуы. Мысалы, Құран Кәрімнің «*Пайғамбармен оңаша сөйлесуден бұрын садақа беруден тартындындар ма? Оны істемесеңдер де Аллаһ сендерді кешірді. Ал енді намазды толық орындаңдар, зекет беріңдер. Сондай-ақ Аллаһқа, Елшісіне бағыныңдар. Аллаһ істегендеріңнен толық хабар алушы*» [1, 58-13] және «*Қазір Аллаһ, сендерден (жүкті) жеңілдетті. Расында сендерде әлсіздік барлығын білетін еді. Сондықтан егер сендерден сабырлы жүз кісі болса, екі жүзді жеңеді. Ал егер сендерден мың болса, Аллаһтың рұқсатымен екі мыңды жеңеді. Өйткені Аллаһ, сабырлылармен бірге*» [1, 8-66] аяттары мен Аллаһ елшісінің (с.а.с) Мұслимнен жеткен: «*Мен сендерді қабірлерге барудан тыйған едім, енді бара беріңдер, себебі ол ақыретті еске түсіреді*» [10, 977], – деген хадисінің мағыналарынан, бұрын не кейін келген мәтінді аңғаруға болады.

2. Сахабалардың бірінен, мағыналары қарама-қайшы келген екі мәтіннің бірінің екіншісінен кейін не бұрын келгендігін білдіретін дұрыс хадистің жетуі. Мысалы: Алидің (р.а.): «*Аллаһ елшісі бізге жаназада тұруды әмір етті, кейін отырып, бізге де отыруды бұйырды*», – деген сөзі. Сол секілді сахабаның: «*мына аят мына аят-*

тан кейін түсті», «мына аят мына аяттан бұрын түскен» немесе «мына жылы мына оқиғаға байланысты түсті», – деуі. Ал, сахабаның өзінің жекелеген көзқарасына сүйене отырып, «мына аят – насих, мына аят – мансұх» деп айтуы, аяттың насих не мансұх екендігіне дәлел бола алмайды. Өйткені бұл тұрғыда сахабаның жеке ижтиһады мен көзқарасы негізге алынбайды.

3. Пайғамбар дүние салғаннан кейінгі ғасырларда мұсылман үмбетінің екі мәтіннің қайсысы бұрын не кейін келгендігін бір ауыздан келісіп анықтауы.

Демек, діни мәтіндердегі насих пен мансұхты анықтауда аяттардың түсу себептері мен меккелік және мәдиналық аяттарды білу, хадистердің айтылу орайы мен тарихын білу маңызды.

Ескерте кететін нәрсе, мағыналары бір-біріне қарама-қайшы екі мәтіннің бірі нақты (қатғи), екіншісі болжамды (занни) болған жағдайда нақты келген мәтін негізге алынып, насых үкімі жүрмейді. Ал екеуі де нақты, анық болған жағдайда аталған үш жолмен кейін және бұрын келген мәтінді айқындап, бірі насих, екіншісі мансұх екендігі анықталады.

Егер қайсысы бұрын не кейін келгендігін анықтау мүмкін болмаса, бірақ мағыналарын біріктіру мүмкін болса, онда біріктіріледі немесе бірін екіншісінен артық көрсететін себептерге жүгіне отырып, бірі негізге алынады.

Насих және мансұхты анықтауда мына жолдар негізге алынбайды:

а) Ғалымдардың жеке көзқарастары мен ой-пікірлері, яғни ижтиһады.

ә) Тәпсіршінің ешбір дәлелсіз «мына аят насих немесе мансұх» деп айтуы.

б) Аяттарды Құран Кәрімдегі орналасу тәртібіне қарай анықтау. Өйткені Құрандағы аяттар түсу тәртібі бойынша орналаспаған.

в) Екі мәтінді жеткізген сахабалардың жас еркешеліктері, исламды алғаш не кейін қабылдағандығы мәтіннің бірі насих, екіншісі мансұх екендігін анықтауда көп жағдайда негізге алынбайды [11, 2/230-231].

«Насых» теориясына қатысты көзқарастар

Насых тақырыбындағы көзқарастар негізгі үш мәселе төңірегінде орын алады:

1- Насых, яғни бір мәтіннің екінші бір мәтінмен үкімінің жойылуы ақылға қонымды ма?

2- Насыхтың орын алуы мүмкін болса, қалайша орын алады?

3- Құран аяттары арасында насых бар ма?

Алғашқы екі мәселе төңірегінде мұсылман ғалымдары арасында айтарлықтай келіспеушілік болмаған. Негізгі көзқарастар Құрандағы шарифат үкімдеріне қатысты кейбір аяттардың басқа аят немесе хадиспен мансұқталуы мәселесіне қатысты өрбиді.

Көпшілік мұсылман ғалымдары насыхтың ислам дінінде де, оның алдындағы діндерде де орын алғандығын қабылдаған.

Яһудилер насыхты түбегейлі жоққа шығарады. Өйткені олар насыхты қабылдайтын болса, онда өз шарифаттарының үкімі жойылатындығын жақсы түсінді. Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) ислам дінінің бұрынғы шарифаттардың үкімін жойғандығын жариялаған кезде, яһудилер діндерінің қияметке дейін қалатындығын және Мұхаммедтің (с.а.с.) алып келген діні олардың діндерінің үкімін жоя алмайтындығын алға тартып, насыхқа қарсы шықты [11, 212].

Исламның алғашқы кезінде мүшіріктер насыхты Ислам дінінің кемшілігі ретінде біліп, «Көрмейсіңдер ме?! Мұхаммед сахабаларына кеше бұйырғанын бүгін өзгертті, бүгін әмір еткен нәрсесін ертең жояды», – деп, Исламды қаралауға тырысып бақты.

Сахаба мен табиғиндер дәуірінде насых тақырыбында көп сөз қозғалмаған. Айтып өткеніміздей, олардың кейбірі Құрандағы истисна, тахсис пен муташабиһ аяттарды насых ретінде танып, бұл тақырыптағы түсініктері кейін келген ғалымдардың көзқарастарынан өзгеше болған.

Муғтазила ғалымдарынан Әбу Муслим әл-Исфәһани (322/934) және кейін келген Үндістандық белгілі ғалым Шах Уәлиуллаһ Даһләуи (1176/1762) секілді бірқатар ғалымдар «Фуссиләт» сүресінің: «*Оның алдынан да, артынан да бұрыстық келмейді. Аса дана, өте мақтаулы Аллаһ тарапынан түсірілген*» [1, 41-42], – деген аятына және де басқа дәлелдерге жүгіне отырып, Құран Кәрімде насыхтың орын алмағандығын айтқан. Кейбір ғалымдар Фахруддин әр-Разидің Құрандағы насыхқа қатысты айтқан сөздерінен оның насыхты қабылдамағандығын түсіндіреді. Осы көзқарасты соңғы ғасырлардағы Құран ілімдерін зерттеуші ғалымдар мен тәпсіршілердің бірқатары да ұстанған. Мысырлық танымал ғалым док. Мұхаммед Тауфиқ Сыдқи да осы пікірді қатаң ұстанғандардың бірі. Ол 1906 жылы әл-Манар журналында «Ән-Насих уә әл-мансұх»

атты көлемді мақаласында өз көзқарасын дәлелдермен баяндаған болатын. Сол секілді Мұстафа Зейд, Абдулкарим әл-Хатиб, Мұхаммед Әбу Зәһра, Мұхаммед Әсад, Мұхаммед Драз, Мұхаммед Ғазали, Сейд Ахмет Хан, Мұхаммед әл-Худари, Әсләм Жайрапури, Мұхаммед Рашид Рида, Мұстафа Исламоглу, М. Сайд Шимшек, Сүлеймен Агеш, Нәжмуддин Шаһин, Омар Риза Догрул, Хусейн Ағай секілді насых тақырыбында зерттеулер жүргізіп, еңбектер жазған тұлғалар бұрынғы келген ғалымдардың насыхқа қатысты көзқарастарын құптамай, кейбірі Құран Кәрімде үкімі жойылған аяттардың жоқ екендігін алға тартқан.

Бірақ аталған ғалымдар бұрынғы шарифаттардың үкімі жойылғандығын, насыхтың сүннетпен бекітілген шарифат үкімдерінде орын алатындығын теріске шығармаған. Олар көпшілік ғалымдардың насих және мансұх ретінде қабылдаған Құран мәтіндерін аяттардың бірінбірі жалқылауы (тахсис) немесе түсіндіруі деп біліп, әртүрлі түсіндірмелер берген.

Кейінгі ғасырларда «Құран Кәрімде насих пен мансұх аяттар орын алмаған» деген пікірдің кең таралуына 1970 жылдардағы коммунистер билеген Сомали үкіметінің: «Құран Кәрім жарамсыз, себебі ондағы аяттардың көпшілігі бірбіріне қарама-қайшы, үкімдері жойылған», – деп жариялауы, тіпті көзқарастарына қарсы келген ғалымдарды жазалауы түрткі болған. Осы жайттан кейін Мысырдағы әл-Әзһар университетіне қарасты Ислам ілімдерін зерттеу орталығы 1975 жылы ақпан айында жиын өткізіп, аталған пікірді теріске шығарған. Нәтижеде әл-Әзһар ғалымдарының бірі док. Ахмед Хижази әс-Сақа «Құранда насых жоқ» деген кітап жазған болатын [12, 223].

Құран аяттарының насых, мансұхына келген кезде насыхты қабылдамаған ғалымдармен қатар, Құран Кәрімде жүздеген аяттардың мансұх болғандығын алға тартқандар, тіпті «Тәубе» сүресінің бесінші аятымен үш жүзге тарта аяттар насых қылынған» дегендер де бар. Әрине бұның әсірелеушілік екендігі анық. Әз-Зуркани Құран Кәрімдегі насих және мансұх аяттар тұрасында әсірелеушілік танытқан ғалымдардың қателіктерінің бес себебін көрсеткен. Олар:

а) Олардың белгілі бір себепке орай бекітілген үкімді себебі жойылуына байланысты мансұх деп ойлауы. Мысалы: Олар, мұсылмандар сандарының аздығы себепті әлсіздік танытқан шақта, кәпірлердің зорлық-

зомбылықтарына қарсы сабырлыққа шақырған аят үкімдері оларға қарсы тұруға бұйырған аят үкімдерімен жойылған деп санайды. Әсілінде ол аяттардың үкімі жойылмаған. Керісінше белгілі жағдайларға қатысты келген болатын. Яғни, Аллаһ тағала мұсылмандардың қатары аз, күш-қуаты әлсіз болған уақытта, оларды аздығы мен әлсіздігі себепті соғыспай тұра тұруға, сабырлыққа шақырған еді. Ал қатары көбейіп, күш-қуаты артқан кезде оларға күштілігі мен көптігі себепті кәпірлерге қарсы тұруға бұйырған-тұғын. Демек, үкім себебіне байланысты өзгеруі ықтимал. Себептің аяқталуымен үкім жойылмайды. Әлсіздік пен аздық немесе қуаттылық пен көптік кейін де орын алуы мүмкін.

ә) Исламның жәһилиет дәуірінде орын алған істерді жоюын насых деп есептеуі. Мысалы, талақтың үш талақпен, некелесудің төрт әйелмен шектелуі секілді үкімдер. Әсілінде бұл насых болып есептелмейді. Өйткені насых шарттарында күші жойылған үкімнің – «шарифат үкімі» болуы керек екендігін айтып кеткенбіз. Аталған және өзге де жәһилиет кезеңіндегі исламға жат істердің тамырына балта шабылғаны белгілі. Бірақ бұл, жалпылама үкімі жойылған деп танылғанымен, шарифаттағы мансұх үкімінде емес.

б) Құранда жалпылама мағынада келген аяттарды жалқылап келген аяттарды насых деп түсінуі. Бұған мысал ретінде: *«Ақындарға азғындар ереді. (224) Рас олардың ойпаттарда қаңғып жүргенін көрмедің бе? (225) Рас олар істемеген істерін айтады. (226) Бірақ иман келтіріп, ізгі іс істегендер, Аллаһты көп зікір еткендер, зұлымдық көргеннен кейін кек алғандар басқа... (227)»* [1, 26] аяттарын келтіруге болады.

в) Бірін-бірі түсіндіріп келген кейбір аяттарды насых деп білуі.

Мысалы, олар *«Ал біреу бай болса, онда тартынсын да, біреу жарлы болса, орнымен жесін»* [1, 4-6] аяты *«Негізінен сондай жетімдердің малдарын зұлымдықпен жегендер, олар қарындарын отпен толтырған болады. Сондай-ақ жалындаған тозаққа кіреді»* [1, 4-10], – деген аят үкімін жойғандығын айтқан. Негізінде бірінші аят насих емес, керісінше екінші аятты баяндап, түсіндіріп келген.

г) Шын мәнісінде қарама-қайшылығы жоқ аяттарды «мағыналары бір-біріне қайшы» деп табуы. Мысалы, олардың кейбірі: *«Өздеріне берген несібемізден береді»* [1, 2-3], *«Өздеріңе берген несібемізден тиісті орыңа жұмсаңдар»* [1,

63-10], – деген аят мағыналары зекетті бекітіп келген аятқа қарама-қайшы келеді деген оймен, үкімдерінің жойылғандығын алға тартады. Негізінде аталған екі аяттың зекетті бұйырып келген аяттарға ешбір қайшылығы жоқ. Онда зекет те, әркімнің өз қалауындағы садақалар мен жақын туыстарына беретін көмек, жәрдемдер де қамтылады.

Танымал тәпсіршілер мен көпшілік ғалымдар Құран Кәрімде насихтың орын алғандығын қабылдаған. Олар өз көзқарастарын Құран Кәрімнің:

1) *«Бір аятты ауыстырсақ немесе ұмыттырсақ одан жақсысын, не сол сияқты келтіреміз. Әрине Аллаһтың әр нәрсеге күші жетуші екенін білмедің бе?»* [1, 2-106].

2) *«Біз бір аяттың орнына басқа аятты ауыстырған кезде, Аллаһ нені түсіргенін жақсы біледі. Алайда олар Пайғамбарға: “Сен анық жалақорсың”, – дейді. Олай емес. Олардың көбі түсінбейді»* [1, 16-101].

3) *«Сонда яһудилердің зұлымдықтарының және көптеген адамдарды Аллаһтың жолынан тосуларының салдарынан оларға халал етілген көптеген жақсы нәрселерді оларға арам қылдық. Және де оларға тыйым салынған бола тұра, өсім алулары әрі адамдардың малдарын орынсыз жеулері, сондай-ақ олардан қарсы келгендер үшін күйзелтуші азап әзірледік»* [1, 4-160-161].

4) *«Сондай-ақ оларға аяттарымыз ашық дәлел түрінде оқылған кезде, сондай Бізге кездесуді үміт етпегендер: «Бұдан басқа бір Құран келтір немесе мұны ауыстыр!» – деді. «Оны өз тарапымынан өзгертуіме болмайды. Мен өзіме уахи етілгенге ғана еремін. Расында мен, Раббыма қарсы келсем, ұлы күннің азабынан қорқамын» – де»* [1, 10-15].

5) *«Саған Құран оқытамыз, сонда оны ұмытпайсың. (б) Бірақ, Аллаһтың қалағаны басқа. Негізінде Ол, көрнеу, көместі біледі»* [1, 87].

6) *«Аллаһ қалағанын өшіреді, (қалағанын) қалдырады. Негізгі Кітап, Оның қасында»* [1, 13-39]

Олардың пікірі бойынша: «Құран Кәрім бұрынғы келген сәмәуи кітаптарды насых еткені секілді, жаңа негізі қаланып, уақыт өте дамуын тапқан Ислам қоғамында бұрын келген бұйрықтар мен тыйымдардың кейінгі келген шариғат үкімдерімен күші жойылуы табиғи құбылыс». Бірақ насых теологияға қатысты мәтіндерде орын алмай, шариғаттың бұйрық және тыйым-

дарында ғана болады. Бұны дініміздің адамдарға берген жеңілдігі деп қабылдауымыз керек. Яғни Құран Кәрімдегі белгілі бір шариғат үкімінің кейін келген шариғат үкімімен күшінің жойылуы адамдардың жағдайына орай орын алған. Қандай да бір үкімнің уақытша бұйырылып, кейін адамдардың болмысына, өмір сүрген орталарына сай басқа бір үкімнің бекітілуі Аллаһ Тағаланың құлдарына деген мейірімділігін паш етеді.

Насихтың Құран Кәрімде орын алмағандығын алға тартқан ғалымдар аталған аяттарда келген насихтың Құранда орын алғандығына емес, жалпы насихтың ақылға қонымды дүние екендігіне немесе үкімі жойылған бұрынғы шариғаттарға қатысты келгендігін айтады [13, 199].

Насихтың ақылға қонымды екендігі мен бұрынғы шариғаттарда орын алуы

Хусамуддин әсСығанаки насихтың ақылға қайшы келмейтіндігін дәрігердің науқас адамның жағдайына қарай дәрі дәрмек пен тағам тағайындап, кейін ем қолдану барысында оларды өзгертуімен түсіндірген [4, 1497], яғни кейде қабылданған шешім кейін белгілі бір себептерге сай өзгеріп жатады. Сол секілді бұны, ананың баласын бағып қағуы мен оқытушының оқушыларына тәлім-тәрбие беру кезінде жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделі нәрселерге бірте-бірте көшу тәсілдерінен аңғаруға болады.

Алғашқы пайғамбар Адам (а.с.) мен ақырғы елші Мұхаммедке (с.а.с.) дейін келген барлық пайғамбарлардың шақырған иман негіздері біртұғын. Оған: *«Расында әр үмметке; “Аллаһқа құлшылық қылыңдар, бұзықтардан аулақ болыңдар”– дейтін елші жібердік...»* [1, 16-36], *«Сенен бұрын бір пайғамбар жіберсек, оған: «Күдіксіз Менен басқа ешбір тәңір жоқ. Онда Маған ғана құлшылық қылыңдар» – деп қана уахи етіп, жібердік»* [1, 21-25], – деген Құран аяттары дәлел. Иман негіздеріне қатысты келген мәтіндерде насых орын алмайды. Ал әрбір пайғамбарға келген шариғат үкімдерінде бірқатар айырмашылықтар бар. Мысалы, Тәуратта Адам (а.с.) пайғамбар балаларының бір-біріне үйленуге рұқсат етілгендігі, бірақ кейін оның үкімі жойылғандығы айтылады. Сол секілді яһудилердің шариғатында сенбі күндері жұмыс істеуге тыйым салынса, Інжілде бұндай тыйым жоқ. Осы секілді мысалдар насихтың шариғаттар арасында орын алғандығына айқын

дәлел. Соңғы түскен кітап – Құран Кәрім бұрын келген кітаптар мен шарифаттарды мансұқтаған [4, 1495].

Ал, «*Жандарыңдағы Тәуратты растаушы Мен түсірген Құранға сеніңдер. Сондай-ақ оған алғаш қарсы келушілерден болмаңдар*» [1, 2-41], «*Олардың қасындағы Тәуратты растаушы Құран хақ*» [1, 2-91] деген секілді, Құран Кәрімнің кітап иелерінің қолдарындағы кітаптарын растап келгендігін білдіретін бірқатар аяттар, – барлық пайғамбарлардың алып келген иман негіздеріне қатысты. Өйткені барлық пайғамбар бір ғана иман негіздерін үндеген болатын. Бұл тұрғыда насых орын алмайды. Насых практикалық үкімдерде жүзеге асады. Әрбір елшінің жаңа бір шарифатпен келгендігі белгілі. Құран Кәрім де жалпылама және негіз тұрғысынан бұрынғы шарифаттарды растап келгенімен, шарифат үкімдері тұрғысынан оларды мансұқтаған.

Құран Кәрімнің келуімен бұрынғы иләһи кітаптардың үкімдерінің жойылуы заңдылық. Өйткені Аллаһ Тағала: «*Мұхаммед Аллаһтың елшісі және пайғамбарлардың ақыры*» [1, 33-40], – деген. Құранның бұрынғы кітаптардың үкімін жойғандығына мұсылмандар бір ауыздан келіскен. Ал бұны қабыл етпегендердің басында яһудилер келеді.

Егер насыхты ақылға сиымсыз деп қабылдайтын болсақ, онда бұрын келген шарифаттардың өміршеңдігін қабылдап, Мұхаммедтің (с.а.с.) пайғамбарлығын белгілі бір қауымға ғана шектеген боламыз. Бұл – Ислам дінінің негіздеріне қайшы. Өйткені Құран Кәрімде: «*Алланың қасында шынайы дін – Ислам*» [1, 3-19], «*Біз сені бүкіл әлемге мейірім етіп қана жібердік*» [1, 21-107], – деп келеді.

Насыхтың түрлері

Хусамуддин әс-Сығанаки көпшілік ғалымдар секілді, діни мәтіндерде орын алған насыхты бірнеше түрлерге бөліп қарастырған. Олар:

1) Құранның Құранмен насых болуы.

Насыхтың бұл түріне, яғни Құран аяттарының Құран аяттарымен насых қылынатындығына ғалымдар бір ауыздан келіскен. Мысалы, әйел адамның бір жыл күту мерізімін идда көрсеткен аят үкімінің төрт ай он күн күту мерізімін білдірген аят үкімімен жойылуы мысал болады.

2) Құранның сүннетпен насых қылынуы.

Құран аяттарының пайғамбар сүннетімен насых қылынуына ғалымдар бір ауыздан келіспеген. Насыхтың бұл түрін кейбірі

құптама, басқа ғалымдар Нәжім сүресінің: «*Ол өз ойынан сөйлемейді. (3) Сөйлегені көкейіне салынған уахи ғана (4)*» [1, 53], – деген аяттарын негізге ала отырып, «пайғамбар сөздері уахиға сүйенгендіктен, яғни мағынасы Аллаһ Тағала тарапынан келген хадистердің болуы себепті пайғамбардың сөздері Құран аяттарын насых қыла алады», – деген. Бірақ бұл жерде олар, Құранның үкімін жоятын хадистің пайғамбардың жеке көзқарасынан туындамаған болуы керек екендігін ескертеді. Яғни Аллаһ елшісінің өзінің көзқарасын білдірген сөзі мен сүннеті Құран аятын насых қыла алмайды [14, 463].

Бұл көзқарастарды былайша көрсетуге болады:

а) Құранның ахад хабармен насых болуы. Көпшілік ғалымдар ахад хадистің Құран аяттарының үкімін жоя алмайтындығын айтады. Өйткені Құран мутауатир, күмәнсіз жолдармен жеткен, ал ахад хадистер күмәнді хабар болып есептеледі. Сондықтан күмәнді хабар күмәнсіз ақиқатты жоя алмайды.

ә) Құранның мутауатир хадиспен насых болуы.

Бұл Имам Мәлик, Әбу Ханифа және Ахмед ибн Ханбалдан жеткен бір дерек бойынша және көпшілік мутакаллимдердің көзқарасында рұқсат етіледі. Ал насыхтың бұл түрін Имам әш-Шафиғи мен көпшілік Ханбали мәзһабын ұстанушылар және Захирилер қабылдамайды.

«Сүннет кейбір Құран аяттарының үкімін мансұх ете алады», – деген топ «Бақара» сүресінің: «*Біреулеріңе өлім келген шақта, артына мал қалдырса, әке-шешесіне, жақындарына дұрыстықпен өсиет парыз етілді. Өсиет тақуаларға бір міндет*» [1, 2-180] аяты «*Мұрагерге өсиет жоқ*» [15, 2714] деген хадиспен үкімі жойылғандығын айтады. Бірақ бұл хадисті ахад хабар деп білген ғалымдар, оның аталған насых түріне дәлел болуға жарамсыз екендігін алға тартқан. Имам әз-Зурқани осы көзқарасты ұстанғанымен, насыхтың бұл түрін теріске шығармаған ғалымдардың бірі.

Сол секілді олар «Әнғам сүресінің: «(Мұхаммед с.а.с.): «*Маған уахи етілгенде, жейтін кісіге жеуге арам болған нәрсені таппадым. Бірақ жемтік немесе ағызылған қан, доңыз еті немесе күнәлі болып, Аллаһтан басқаның атымен бауыздалған мал арам...*» – де» [1, 6-45] аятының үкімі пайғамбарымыздың *жыртқыштардың азу тістілері мен құстардың*

тырнақтыларынан тыйғандығы жайлы келген хадисімен мансұқталғандығын жеткізеді [10, 1690].

Насыхтың осы түріне «Нұр» сүресінде келген зина жасаушының жазасын қамтыған аяттың, пайғамбардың хадис және сүннетімен үкімі жойылғандығын дәлел қылғандар да бар.

Сонымен қатар, «Тәубе» сүресіндегі зекет алуға құқылы топтың бірі муәлләфату әл-қулубқа жататындар, иман келтіруі көзделген, ислам дінін қабылдауды қалаған кәпірлер мен дінді жаңа мойындаған иманы әлсіз мұсылмандар еді. Пайғамбар көзі тірісінде бұл топтар зекеттен үлесін алатын-тұғын. Алайда, Әбу Бәкірдің (р.а.) уақытында Бәйту әл-малға (мұсылмандардың ортақ қазынасына) жауапты болған Омар (р.а.) Аллаһ елшісінің Муааз ибн Жәбәлді Йеменге қазылыққа жіберген кезде, зекетке қатысты: «Олардың (мұсылмандардың) байларынан алып, кедейлеріне қайтарсын», – деген хадисімен мұсылман емес адамдардың зекеттен үлес алуы мансұқталғанын айтқан. Бұл тұрғыда Хусамуддин әс-Сығанақи бірқатар мысалдар келтірген [2, 1227, 4, 1520-1521]

3) Сүннеттің Құранмен насых қылынуы.

Алғашқы кезде мұсылмандар пайғамбардың бекітуімен намазды Бәйту әл-Мақдиске қарап оқыған болатын, кейін құбыла «Бақара» сүресінің 144-аятымен Кағбаға өзгерді. Яғни, пайғамбар сүннетінің үкімі Құран Кәрім аятымен мансұқталған. Насыхтың бұл түріне қатысты ғалымдар арасында келіспеушілік жоқ.

4) Сүннеттің сүннетпен насых болуы.

Бұл хадистердің дәрежелеріне қарай орын алады. Яғни мутауатир хадис мутауатир және ахад хадистердің үкімін жоя алса, ахад хадис екінші ахад хадисті насых қыла алады. Ал оның мутауатир хадис үкімін жоятындығын көпшілік ғалымдар қабылдамайды.

Сүннеттің сүннетпен насых болуына пайғамбарымыздың мына хадисін мысал ретінде келтіруге болады. Муслим жеткізген хадистердің бірінде пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Мен сендерді қабірлерге барудан тыйған едім, енді бара беріңдер, себебі ол ақыретті еске түсіреді»*, – деген [10, 977]. Пайғамбардың (с.а.с.) бұл сөзі, бұрын қабірге барудан тыйған хадисінің үкімін жойып отыр.

Сонымен қатар ислам құқығының негізгі қайнар көздерінен саналған ижмағ (мұсылман ғалымдарының ортақ шешімі) пен қияс (үкім шығарудағы аналогиялық тәсіл) категорияларының діни мәтіндерді мансұқтауы мен өзара насыхтың орын алуына қатысты көзқарастар туындаған. Жекелеген шафиғи мәзһабының ғалымдары анық қиястың діни мәтіндерді мансұқ ететіндігін алға тартса, нақты Құран мен сүннет мәтіндері келген уақытта ақыл-ойға жүгінбеген сахабалардың ұстанымына сүйенген ғалымдар нақтылық пен кесімділікті талап ететін діни мәтіндердің, кесімділікті талап етпейтін болжамды дәлелмен мансұқталмайтындығына бір ауыздан келіскен [2, 1218; 4, 1516]

Сол секілді ғалымдардың бір ауыздан келісіп, ортақ шешімге келуі де (ижмағ) Құран мен сүннет мәтіндерін мансұқтай алмайтындығын көпшілік ғалымдар айтқан. Негізінде, ижмағ – шарифи үкімді жоймай, оның мансұқталғандығын білдіреді [2, 1220].

Қорытынды

Қоғамның даму үдерісі мен адамдардың сана деңгейінің өсуін ескерген Құран талаптары, бастапқы кезеңнен-ақ, «жеңілден ауырға», «аздан көпке» заңдылығына сай, әртүрлі себептерге байланысты бөлек-бөлек түсірілді. Яғни, кейбір мақсаты және уақыттық шектеуі бар үкімнің мақсаты орындалып, уақыты келген жағдайда, өзінен кейін келген мәтінмен заңдық күші жойылды. Ислам шарифатында «насых» деп танылған бұл әдістің діни мәтіндерде орын алғандығына көпшілік ғалымдар бір ауыздан келіскен. Қазақ даласынан шыққан теолог, құқықтанушысы Хусамуддин әс-Сығанақи өзінің ислам құқығы негіздеріне қатысты жазған еңбектерінде де исламдағы «насых» теориясын жан-жақты талқылап, оның кейбір діни мәтіндерде кездесетіндігін әрі Құран экзегетикасы мен ислам құқығы және теологиясында насих пен мансұх мәтіндердің аражігін ажырата білудің маңыздылығын баяндаған.

Әдебиеттер

- 1 Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі / ауд. Халифа Алтай. – Мәдина Сауд Арабиясы: Екі харамның қызметкері Фаһд патшаның комбинаты, 1991.
- 2 ج 5 - 2003, قره اقل راد: قره اقل - «موقفل لوصأ يف يفاول اباتك». يقان غسل نيديلا ماسح
- 3 ج 4 - 2009, «يملغل بتكفل راد: توريبل - «يودزبل مالس الارخف لوصأ نع رارس ال فشك». يراخبل نيديلا ءال ع
- 4 ج 5 - 2001, «دشرل ءبتكفم: ضايرل - «يودزبل حرش يفاكلا». يقان غسل نيديلا ماسح
- 5 ج 4 - 1994, «يتيوكلا فاقوالا قرزو: تيوكل - «لوصأ ال يف لوصفل». «يفن حل صاص حل يزارل ركب وبأ يل ع نب دمأ
- ج
- 6 ج 4 - 2011, «ديدل دغل راد: تروصنمل - قره اقل - «تاقف او مل». يب طاشل قاحس! وبأ
- 7 ص 1232 - 2006, «ثيدحل راد: قره اقل - «نأرقل مول ع يف ناهربل». يشك رزل نيديل اردب
- 8 ج 8, «ثيدحل قافال راد: توريبل - «م الكحل لوصأ يف م الكحل». يره اظلا مزح نب دي عس نب دمأ نب يل ع دمحم وبأ
- 9 ج 2 - 1993, «يملغل بتكفل راد: توريبل - «يس خرسلا لوصأ». يس خرسلا لهس وبأ نب دمأ
- 10 Abu al-Huseyn Muslim ibn Hajjaj. Sahih Muslim. Perevod arabskogo: Popov S. – Kazan, Akademyia poznaniya, 2005. – 857 s.
- 11 ج 2 - 2001, «قب يتق راد: قشمد - «نأرقل مول ع يف نافر عل لهانم». يناق رزل مي طعل دب ع دمحم
- 12 ص 637 - 2000, «يمالسال قوعدل ءي عجم: سل بارط - «ءينأرقل تاسار دل لخدم». نيسح يل ع قئاسلا
- 13 Құрманбаев К. Құран ілімдеріне кіріспе. – Алматы: Нұр Мұбарак баспасы, 2013. – 392 б.
- 14 ص 1152 - 2006, «ثيدحل راد: قره اقل - «نأرقل مول ع يف ناقاتال». يطيوسلا نيديلا لال ج
- 15 ج 5 - 2009, «يملغل قئاسرل راد: توريبل - «هجام نبا ننس». ين يوزقل دي زي نب دمحم طلل دب ع وبأ

References

- 1 Kuran Karim kazaksha magina jane tusinigi / Aud. Halifa Altai. –Madina Saud Arabyasi: Eki haramnin kizmetkeri Fahd patshanin kombinati, 1991.
- 2 ج 5 - 2003, قره اقل راد: قره اقل - «موقفل لوصأ يف يفاول اباتك». يقان غسل نيديلا ماسح
- 3 ج 4 - 2009, «يملغل بتكفل راد: توريبل - «يودزبل مالس الارخف لوصأ نع رارس ال فشك». يراخبل نيديلا ءال ع
- 4 ج 5 - 2001, «دشرل ءبتكفم: ضايرل - «يودزبل حرش يفاكلا». يقان غسل نيديلا ماسح
- 5 ج 4 - 1994, «يتيوكلا فاقوالا قرزو: تيوكل - «لوصأ ال يف لوصفل». «يفن حل صاص حل يزارل ركب وبأ يل ع نب دمأ
- ج
- 6 ج 4 - 2011, «ديدل دغل راد: تروصنمل - قره اقل - «تاقف او مل». يب طاشل قاحس! وبأ
- 7 ص 1232 - 2006, «ثيدحل راد: قره اقل - «نأرقل مول ع يف ناهربل». يشك رزل نيديل اردب
- 8 ج 8, «ثيدحل قافال راد: توريبل - «م الكحل لوصأ يف م الكحل». يره اظلا مزح نب دي عس نب دمأ نب يل ع دمحم وبأ
- 9 ج 2 - 1993, «يملغل بتكفل راد: توريبل - «يس خرسلا لوصأ». يس خرسلا لهس وبأ نب دمأ
- 10 Abu al-Huseyn Muslim ibn Hajjaj. Sahih Muslim. Perevod s arabskogo: Popov S. – Kazan, Akademyia poznaniya, 2005. – 857 s.
- 11 ج 2 - 2001, «قب يتق راد: قشمد - «نأرقل مول ع يف نافر عل لهانم». يناق رزل مي طعل دب ع دمحم
- 12 ص 637 - 2000, «يمالسال قوعدل ءي عجم: سل بارط - «ءينأرقل تاسار دل لخدم». نيسح يل ع قئاسلا
- 13 Kurmanbayev K. Kuran ilimderine kirispe. – Almaty: Nur Mubarak baspasi, 2013.- 392 b
- 14 ص 1152 - 2006, «ثيدحل راد: قره اقل - «نأرقل مول ع يف ناقاتال». يطيوسلا نيديلا لال ج
- 15 ج 5 - 2009, «يملغل قئاسرل راد: توريبل - «هجام نبا ننس». ين يوزقل دي زي نب دمحم طلل دب ع وبأ